

## Ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 327-ө өкімі

1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, авариялық жағдайлардың салдарларын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімді (бұдан әрі - Келісім) ұзарту мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі арасында ноталар алмасу нысанындағы келісімнің қолданылуына жататын шаруашылық жүргізуші субъектілерді белгілеу процесінің айқындылығын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда Ведомствоаралық жұмыс тобы құрылсын:

Школьник Владимир Сергеевич	- Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі, жетекші
Лукин Андрей Иванович	- Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі
Коржова Наталья Артемовна	- Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Үсенова Нұрилә Дүйсембіқызы	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының орынбасары
Ахметов Тілеукен Зейнікенұлы	- Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Импорт алмастыру және сыртқы байланыстар департаменті директорының орынбасары
Әубәкіров Амангелді Ниязбайұлы	- Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жанындағы Қару-жарақтың қысқартылуын бақылау және инспекциялық

- қызметті қамтамасыз ету  
жөніндегі орталықтың бастығы
- міндетін уақытша атқарушы
- Шоранова - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Шолпан Едігеқызы министрлігі салық комитеті  
халықаралық салық салу басқармасы  
бастығының орынбасары
- Тоғызбаев - Қазақстан Республикасының Сыртқы  
Олжас Қабдешұлы істер министрлігі Көп жақты  
ынтымақтастық департаментінің  
ЕҚЫҰ және халықаралық қауіпсіздік  
құрылымы бөлімінің бастығы
- Жұбанышев - Қазақстан Республикасының  
Сақып Қаденұлы Индустрия және сауда министрлігі  
Экспорттық бақылау және  
лицензиялау басқармасы экспорттық  
бақылау бөлімінің бастығы
- Ақымбекова - Қазақстан Республикасының  
Жазира Серікқызы Сыртқы істер министрлігі Көп  
жақты ынтымақтастық  
департаментінің бірінші хатшысы
- Жолдыбай - Қазақстан Республикасының Әділет  
Мақсат Орынбекқұлы министрлігі халықаралық құқық  
басқармасы халықаралық  
міндеттемелерді талдау және  
орындау мәселелері жөніндегі  
бөлімнің жетекші маманы

2. Ведомствоаралық жұмыс тобы Қауіпті бірлесіп азайту бағдарламасының шеңберінде жасалған келісім-шарттарға сәйкес Келісімнің қолданылуына жататын шаруашылық жүргізуші субъектілерді белгілеу процесінің айқындылығын қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*